

## **6B01406 - Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 6B01 - Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 6B014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B01406 - Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

**Бағдарламаның типі:** бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240 ECTS

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

#### ***1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

6B01406 - Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

#### ***1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:***

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

#### ***1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:***

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

#### **1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері**

##### **Оқытушылық:**

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

##### **Тәрбиелік:**

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

##### **Әдістемелік:**

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

##### **Зерттеушілік:**

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

##### **Әлеуметтік коммуникативтік:**

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

## БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – кәсіптік оқыту саласы бойынша пәнаралық байланыс идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете біледі;
- **ON2** – берілген ақпаратқа сүйене отырып оларға сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;
- **ON3** – танымдық, кәсіби және ғылыми зерттеулерде пәннің негізгі концепциялары мен зерттеу құралдарын қолдану негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдай біледі;
- **ON4** – кәсіптік оқыту саласына даярлаудың нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектей білу;
- **ON5** – кәсіптік оқытуда АКТ-ны пайдалану арқылы бұйымдарды конструкциялауда, модельдеуде және макеттеуде оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруды ұйымдастыра біледі;
- **ON6** – инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;
- **ON7** – критериялды бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады;
- **ON8** – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетін көрсете біледі;
- **ON9** – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда модернизациялау қажеттілігін адами капиталдың дамуына ықпал ететінін көрсете біледі;

- **ON10** – технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай біледі.

### Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кре-диг саны	Оқу нәтижелері (коды)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	
<b>Жалпы білім беру пәндері ЖОО компоненті/таңдау компоненті</b>														
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар қарастырылады. Заңнамалық-тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.	5									+	+	+
<b>Базалық пәндер ЖОО компоненті</b>														
2	Оқушылардың психологиялық-физиологиялық дамуы	Оқушылардың психологиялық-физиологиялық тұрғыдан даму заңдылықтары, балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, жеке басының қалыптасуы, денсаулығын сақтауға, нығайтуға, қабілеттерін айқындау мен дамытуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту, балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5							+		+	+	+
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары,	5							+	+	+	+	+

		инновациялық технологиялары қарастырылады. Тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі, тәрбие жұмысының диагностикасы, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.											
4	Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны практикада іске асыру жолдары қарастырылады. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде инновациялық технологияларды қолдану, проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5						+		+		+
<b>Базалық пәндер циклы</b> <b>Таңдау компоненті</b>													
5	Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеудің заманауи әдістері (қыздар)	Тігін бұйымдарын конструкциялаудың түйреу, есептеу-графикалық, Muller & Sohn, Лин Жак, Отандық сән, халықаралық жүйе, модельдеу әдістері, пәнаралық байланыс идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, критериялды бағалау қарастырылады. Тігін бұйымдарын конструкциялауда және модельдеуде АКТ-ны пайдалану, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану жолдарымен сипатталады.	10	+	+	+			+		+		
	Балалар киімдерін конструкциялау және модельдеу (қыздар)	Жас ерекшелігіне сәйкес әртүрлі топтағы балалар тұлғасының пропорциясы, бас, дене өлшемдерінің ара қатынасы, көзбен қабылдау, конструкциялық сызбасын тұрғызу және модельдеу әдістері, пәнаралық байланыс идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, критериялды бағалау, қарастырылады. Балалар киімдерін конструкциялауда және модельдеуде АКТ-ны пайдалану, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану жолдарымен сипатталады.											
	Радиоэлектроника негіздері (ұлдар)	Радиоэлектрониканың резисторлар, конденсаторлар, индуктивті катушкалар қасиеттері мен параметрлері, шалаөткізгіштер (диод, транзистор, тиристор, приборлар), интегральдық микросхемалар, тербеліс жүйесі кәсіптік оқыту саласы бойынша қарастырылады. Күшейткіштерді, тербеліс генераторының сұлбаларын құрастыруда											

		АКТ-ны пайдалану, критериалды бағалау, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану жолдарымен сипатталады.											
	Автоматика негіздері (ұлдар)	Кәсіптік оқыту саласындағы автоматтандырылған құрылғылар, импульсті басқару жүйелері, басқару объектісі, конструктивті және сұлбалық элементтер, өтпелі және беріліс функциялары, қарастырылады. Берілген ақпарат негізінде автоматтандырылған техникалық құралдарын практикада қолдану, АКТ-ны пайдалану, критериалды бағалау, пәнаралық білімдерді түсіну және интеграциялауды көрсете білумен сипатталады.											
6	Тігін өндірісінің технологиясы (қыздар)	Тігін өндірісіндегі технологиялық процестер кәсіптік оқыту саласы бойынша материалдар шығынын есептеу, киімнің негізгі және сәнді бөліктерін пішу, заманауи жабдықтарда жүйелілікпен технологиялық өңдеу тәсілдері пәнді оқытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес қарастырылады. Берілген ақпараттарды практикада қолдану, тігін өндірісінің өмірдегі рөлін дәйектеу, АКТ-ны пайдаланумен сипатталады.											
	Былғары мен мехтан бұйымдар тігу технологиясы (қыздар)	Былғары мен мех материалының технологиялық қасиеттері, пішу және тігуде қолданылатын жабдықтары, ерекшеліктері кәсіптік оқыту саласы бойынша қарастырылады. Берілген ақпараттарды жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, былғары мен мехтің тігін өндірісіндегі орны мен рөлін дәйектеу, АКТ-ны пайдалану арқылы былғары мен мехтан бұйымдары көзбен қабылдау процестері негізінде сипатталады.	10	+	+		+	+					
	Автомобильдің құрылысы және модельдеу	Автомобильдің қозғалтқыштары, құрылысы, механизмдері, принциптері, электрлік және электрондық жабдықтары кәсіптік оқыту саласы бойынша қарастырылады. Автомобильдің механизмдерін және толық корпусын, құрастырмалы және жеке бөлшектерін модельдеуді жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, автомобильдің өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, АКТ-ны пайдалану арқылы модельдеуді көзбен қабылдау процестері негізінде сипатталады.											
	Автомобильдің іштен жану қозғалтқышы (ұлдар)	Кәсіптік оқыту саласы бойынша автомобильдің іштен жанатын қозғалтқыштары, көлік, стационарлы, арнайы, жеңіл (бензин, газ) және ауыр сұйық отын (дизель, мазут), іштен жанатын қозғалтқыштардың топтастырылуы, іштен жану қозғалтқыштың цилиндрлі түрі, негізгі элементтері мен жұмыс циклдері қарастырылады. Автомобильдің іштен											

		жану қозғалтқышы өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, АКТ-ны пайдалану арқылы модельдеуді көзбен қабылдау процестері негізінде сипатталады.											
7	Костюм тарихы (қыздар)	Костюмнің шығу тарихы мен даму кезеңдері, стильдері, түстері, әшекейлерінің сән бағытына қарай тасымалдануы кәсіптік оқыту саласының ерекшеліктері негізінде қарастырылады. Берілген тарихи ақпараттарды практикада қолдану, костюмнің адам өміріндегі орны мен рөлін дәйектеу және оларға қатысты жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігімен сипатталады.	6	+	+	+	+						
	Ұлттық киімдер тарихы (қыздар)	Ұлттық киімінің тарихы, даму кезеңдері, ұлттық мәндері, этностық үлгілері, өрнектері, түстері, бас киімдері кәсіптік оқыту саласының ерекшеліктері негізінде қарастырылады. Берілген тарихи ақпараттарды практикада қолдану, ұлттық киімнің адам өміріндегі рөлін дәйектеу және оларға қатысты жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігімен сипатталады.											
	Техника тарихы (ұлдар)	Техника тарихы, өндіріс, тау-кен ісі, әскери және энергетика саласы, егін шаруашылығы, ғарыш техникаларының шығу тарихы, даму кезеңдері кәсіптік оқыту саласы бойынша қарастырылады. Берілген тарихи ақпараттарды практикада қолдану, техниканың адам өміріндегі рөлін дәйектеу, қатысты жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігімен сипатталады.											
	Техникалық құрал-саймандар тарихы (ұлдар)	Топырақ өңдейтін өндіріс құралдары, үй шаруашылығының құралдары, ежелгі құралдардың даму эволюциясы, металды алғаш рет пайдалану, кәсіптік оқыту саласында инженерияны игеру кезеңдері қарастырылады. Берілген тарихи ақпараттарды практикада қолдану, құрал-саймандардың адам өміріндегі рөлін дәйектеу, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігімен сипатталады.											
8	Костюм композициясы (қыздар)	Сәннің бағытына сәйкес киімнің стилі, силуэті, сәнді сызықтары, пропорциясы, ырғағы, түстер үйлесімділігі, көз бояушылық және оптикалық әсерлері кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу негізінде қарастырылады. Берілген ақпаратқа сыни тұрғыдан қарау және көркемдік білімін практикада қолдану, АКТ-ны	10		+	+			+				

		пайдалану арқылы костюмнің композициялық шешімін үйлестіру, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру негізінде сипатталады.											
	Киімді модельдеу және көркемдеп безендіру (қыздар)	Киімді модельдеу және көркемдеп безендіру принциптері, стиль және сән түсінігі, киімдегі көзбояушылық, түйреу әдісі кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу негізінде қарастырылады. Берілген ақпаратқа сыни тұрғыдан қарау және көркемдік білімін практикада қолдану, АКТ-ны пайдалану арқылы киімді модельдеу және көркемдеп безендіру, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру негізінде сипатталады.											
	Автомобильдерді модельдеу және макеттеу (ұлдар)	Модель, макет ұғымдары, автомобильдерді модельдеу және макеттеу әдістері, композициялық ережелер, принциптер кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу негізінде қарастырылады. Берілген ақпаратқа сыни тұрғыдан қарау және конструктивті-техникалық білімін практикада әртүрлі модельдері мен макеттерін құрастыруда қолдану, АКТ-ны пайдалану арқылы жаңа модель құрастыру, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру негізінде сипатталады.											
	Автомобиль бөліктерін модельдеу (ұлдар)	Автомобиль бөліктерін модельдеудің кезеңдері, қарапайым және күрделі конфигурациядағы жазықтық, көлемі аз габаритті бөлшектер сызба тұрғызу және модельдеу әдістері кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу негізінде қарастырылады. Берілген ақпаратқа сыни тұрғыдан қарау және техникалық білімін практикада бөліктерді модельдеуде қолдану, АКТ-ны пайдалану арқылы жаңа модель құрастыру, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру негізінде сипатталады.											
9	Сәндік қолданбалы өнер негіздері (қыздар) I	Сәндік қолданбалы өнерінің (сырмақ, тұскиіз, киіз, құрақ, кесте) түрлеріне қолданылатын шикізаттары мен материалдары, ұлттық нақыштары, өрнектері, композиция құрастырудың тәрбиелік мәні, мәселелерді шешу жолдарын талдау негізінде қарастырылады. Ұлттық өнердің концепцияларын практикада жоба жұмыстарын орындауда қолдану және коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетті көрсете білу талаптарымен сипатталады.	10		+	+						+	
	Материалдарды көркем өңдеу (қыздар) I	Материалдарды сәнді жіптермен, таспамен, құрақ, кесте өнерлерімен, батик техникасымен, сәндеуіш материалдармен көркемдеп өңдеу әдістері, мәселелерді шешу жолдарын талдау негізінде қарастырылады. Ұлттық кәсіпті терең игеріп, қол өнер концепцияларын											



		практикада жоба жұмыстарын орындауда қолдану және коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетті көрсете білу талаптарымен сипатталады.											
	Сәндік қолданбалы өнер негіздері (ұлдар) I	Ағаштан және қолда бар материалдардан жасалатын кәдесый бұйымдары, бесік, домбыра, кебеже, жүкаяқ, сыбызғы, асатаяқ, тұрмыстық заттар мен аспаптарды көркемдеп өңдеу, мәселелерді шешу жолдарын талдау негізінде қарастырылады. Ата кәсіпті терең игеріп, қолөнер концепцияларын практикада жоба жұмыстарын орындауда қолдану және коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетті көрсете білу талаптарымен сипатталады.											
	Материалдарды көркем өңдеу (ұлдар) I	Темір, керамика, ағаш, қыш, шыны, асыл тастар, сүйек, былғары материалдарын көркем өңдеу әдістері (көркем оймыш, шекіме, көркем жазба, құйма), мәселелерді шешу жолдарын талдау негізінде қарастырылады. Ата кәсіпті терең игеріп, бедерлеу, фаянс өнерін практикада жоба жұмыстарын орындауда қолдану және коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетті көрсете білу талаптарымен сипатталады.											
10	Сәндік қолданбалы өнер негіздері (қыздар) II	Сәндік қолданбалы өнерінің жаңа технологияда киіз басу, ши, алаша, бау-басқұр тоқу ерекшеліктері сәндік бұйымдар композициясын құрастыру идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, оларға сыни тұрғыдан қарау және білімін практикада қолдану жолдары қарастырылады. Сәндік қолданбалы өнер негіздері адами капиталдың адам дамуына ықпал етуімен сипатталады.											
	Кілем және гобелен тоқу негіздері (қыздар) II	Кілем және гобелен тоқу техникасы, технологиясы, қажетті шикізаттары мен жабдықтары, шеберлер шығармаларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері, сәндік бұйымдар композициясын құрастыру идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, оларға сыни тұрғыдан қарау және білімін практикада қолдану жолдары қарастырылады. Кілем және гобелен тоқу адами капиталдың адам дамуына ықпал етуімен сипатталады.	10	+	+								+
	Сәндік қолданбалы өнер негіздері (ұлдар) II	Мозайка өнерін, көркем күйдіру тәсілдері, бұйымды көркем безендіру, былғарыдан бұйым жасау, жұқа қаңылтыр бедер салу технологиясына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, оларға сыни тұрғыдан қарау және білімін практикада қолдану											

		жолдары қарастырылады. Сәндік қолданбалы өнер негіздері адами капиталдың адам дамуына ықпал етуімен сипатталады.												
	Зергерлік негіздері (ұлдар)	Зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігі, Қазақтың зергерлік өнерінің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы, зергерлік бұйымдардағы ою-өрнектерін, асыл тастармен сәнделген бұйымдар әзірлеуге негізделген білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, оларға сыни тұрғыдан қарау, білімін практикада қолдану жолдары қарастырылады. Зергерлік негіздері адами капиталдың адам дамуына ықпал етуімен сипатталады.												
11	Салалық материалтану (қыздар)	Тоқыма өндірісінде табиғи және жасанды талшықтарды, бейматериалдарды өндіру жолдары, тоқылуы, құрылысы, қасиеттері, жылытқыш және сәндік материалдарға негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу қарастырылады. Берілген ақпаратқа сүйене отырып, теориялық білімдерін, маталар ассортиментін зерттеу құралдарын практикада қолдану жолдары сипатталады.												
	Тоқыма материалдарының негіздері (қыздар)	Тоқыма материалдарының түрлері, қасиеті, құрылымы мен қолданылуы, тоқыма материалдары, үлпектік және қосарланған жөнінде мәліметтерге негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу қарастырылады. Берілген ақпаратқа сүйене отырып, теориялық білімдерін, тоқыма материалдарының зерттеу құралдарын практикада қолдану жолдары сипатталады.												
	Металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы (ұлдар)	Металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы, материалдардың химиялық қасиеттері, физикалық маңызды құбылыстар, материалдарға әртүрлі факторлардың әсерлері қарастырылады. Берілген ақпаратқа сүйене отырып, кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, металл және металл емес материалдардың негізгі топтарын қысыммен құю, технологиялық әдістерінің физикалық маңызын зерттеу құралдарын практикада қолдану жолдары сипатталады.	7	+	+	+								
	Материалтану (ұлдар)	Конструкторлық материалдар түрлерінің қолданылу аймақтары, металл және металемес материалдарды өңдеудің заманауи технологиялары, материалдар технологиясына байланысты терминдерді меңгеру қарастырылады. Берілген ақпаратқа сүйене отырып, кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, технологиялық процестерге қажетті құжаттарды зерттеу құралдарын практикада қолдану жолдары												

		сипатталады.																	
12	Материалдарды өңдеу технологиясы I (сала бойынша) (Тігін өндірісінің жабдықтары) (қыздар)	Тігін өндірісінің жұмыстарын жеңілдететін автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған заманауи жабдықтар, арнайы технологиялық операцияларды орындайтын тігін машиналары, негізгі жұмысшы органдары мен механизмдері, майлау жүйелері қарастырылады. Тігін өндірісі жөніндегі кәсіби білімді түсіну және интеграциялау, түрлі технологиялық операцияларды практикада қолдану, операцияларды көзбен қабылдауда АКТ-ны пайдалану арқылы сипатталады.																	
	Дизайн техникасы I (қыздар)	Механикалық, электрондық және жаңаша компьютерлі, көркем кесте орындайтын тігін машиналарының негізгі жұмысшы органдары мен механизмдері, сәнді тігіс орындауға бағытталған құрылысы қарастырылады. Дизайн техника жөніндегі теориялық білімді түсіну және интеграциялау, түрлі технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайн техникасын көзбен қабылдауда АКТ-ны пайдалану арқылы сипатталады.	10	+	+		+												
	Материалдарды өңдеу технологиясы I (Ағашты және темірді қолмен өңдеу) (ұлдар)	Ағашты және темірді қол аспаптармен өңдеу тәсілдері (сүргілеу, егеу), оларды пайдалану ережелері, ағаш пен темірдің қасиеттері, құрамы және құрылысы қарастырылады. Берілген теориялық білімді түсіну және интеграциялау, түрлі технологиялық операцияларды практикада қолдану, материал түрін анықтау, одан жасалатын бұйымдарды жобалауда АКТ-ны пайдалану арқылы сипатталады.																	
	Дизайн техникасы I (ұлдар)	Көркемдік талғамды дизайн-графикалық, сәндік-қолданбалы, құрылыс-эрлеу, 3D бағдарлама аясында басқа материалдарды қолдану әдістері, тұрмыстық техниканың сәнді дизайны қарастырылады. Теориялық білімді түсіну және интеграциялау, түрлі техникалық операцияларды практикада қолдану, материал түрін анықтау, одан жасалатын бұйымдарды жобалауда АКТ-ны пайдалану арқылы сипатталады.																	
13	Материалдарды өңдеу технологиясы II (Тігін бұйымдарының жеке бөліктерін өңдеу әдістері) (қыздар)	Иықтық және белдікті бұйымдардың негізгі түйіндері мен сәнді бөлшектерін пішу, өңдеу, технологиялық операцияларды орындауға қойылатын талаптар қарастырылады. Тігін бұйымдарының жеке бөліктерін өңдеу әдістеріне сыни тұрғыдан қарау, практикада қолдану, дайын бұйымды критериялы бағалау, диагностикалау, командада жұмыс істеу дағдысы және ақпараттық мәдениеті сипатталады.	10		+									+	+				
		Балалар киімдерінің ассортименті, әртүрлі жастағы балалар киімдерін																	

	Балалар бұйымдарын тігу технологиясы II	пішу тәсілдері, балалар киімдерінің негізгі және сәнді бөлшектерін өңдеу ерекшеліктері қарастырылады. Балалар киімдерінің жеке бөліктерін өңдеу әдістеріне сыни тұрғыдан қарау, практикада қолдану, дайын бұйымды критериалды бағалау, диагностикалау, командада жұмыс істеу дағдысы және ақпараттық мәдениеті сипатталады.											
	Материалдарды өңдеу технологиясы II (Ағашты және темірді механикалық өңдеу) (ұлдар)	Ағаш және темірді механикалық өңдеуге арналған жабдықтардың құрылысы, жұмыс істеу принципі, ағашты және металды механикаландырылған әдіспен аралау қарастырылады. Сымтемірді, жұқа қаңылтырдан жасалған дайын бұйымдарды сыни тұрғыдан қарау, практикада қолдану, дайын бұйымды критериалды бағалау, диагностикалау, командада жұмыс істеу дағдысы және ақпараттық мәдениеті сипатталады.											
	Материалтану және слесарлық іс II (ұлдар)	Слесарлық жұмыс түрлері, темірге белгі салу, бұрғылау, бұранда жасау, өңделген беттерді әрлеу, ажырмайтын біріктірулер, тойтарма тетіктерін жасау қарастырылады. Дайын бұйымдарды сыни тұрғыдан қарау, практикада қолдану, дайын бұйымды критериалды бағалау, диагностикалау, командада жұмыс істеу дағдысы және ақпараттық мәдениеті сипатталады.											
<b>Базалық пәндер циклы</b>													
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>													
14	Кәсіби бағдарлау теориясы және практикасы	Кәсіби бағдарлауда кәсіби ақпарат, кәсіби диагностика, кәсіби кеңес, кәсіби іріктеу, кәсіби бейімделу негіздері қарастырылады. Мәселенің шешімін талдау, пәннің нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, пәнаралық білімдерді интеграциялауды білуі, ақпараттық мәдениет көрсету жолдары, инклюзивті білім берудегі креативтілікті бағалау сипатталады.	5	+		+	+			+	+		+
	Жоба әдісін оқыту	Шығармашылық жоба әдісі, жоба жоспары және ұйымдастыру кезеңдері, жоба тақырыбын таңдау және негіздеу барысы қарастырылады. Мәселенің шешімін талдау, пәннің нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, пәнаралық білімдерді интеграциялауды білуі, ақпараттық мәдениет көрсету жолдары, инклюзивті білім берудің креативтілігін бағалау сипатталады.											
15	Жалпы техникалық	Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқытуда сала бойынша	9	+			+		+			+	+

	және арнайы пәндерді оқыту (сала бойынша)	кәсіби-өндірістік оқытудың нақты өмірдегі орны мен рөлі, инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, АКТ-ны пайдалану тиімділігі, критериалды бағалау қарастырылады. Пәнаралық білімдерді интеграциялауды білуі, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, өмір бойы білім алуда модернизациялау қажеттілігі, инклюзивті білім беру тәжірибесі сипатталады.											
	Өндіріс негіздерін оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Өндіріс негіздерін оқыту бағдарламасының мазмұны, бизнес негіздері, мемлекеттік кәсіпорындар мен холдинг компаниясы, жеке кәсіпкерлік, толық серіктестік, командиттік, инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, ЦБР-ды пайдалану тиімділігі, критериалды бағалау қарастырылады. Пәнаралық білімдерді интеграциялау, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, өмір бойы білім алуда модернизациялау қажеттілігі, инклюзивті білім беру тәжірибесі сипатталады.											
16	Кәсіптік оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Кәсіптік оқыту әдістемесінде өндірісте оқыту жүйесі, ұстанымдары, әдістері, бағдарлама мазмұны, сабақты және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу, білімін практикада қолдану мәселелері, критериалды бағалау қарастырылады. Сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, ақпараттық мәдениет көрсету, инклюзивті білім беруде инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.	5	+	+				+	+	+	+	+
	Сәндік қолданбалы өнер негіздерін оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Сәндік қолданбалы негіздеріне сәйкестендіре құрастырылған бағдарлама мазмұны, ұстанымдары, әдістері, сабақты және жоба жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізу, білімін практикада қолдану мәселелері, критериалды бағалау қарастырылады. Сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, ақпараттық мәдениет көрсету, инклюзивті білім беруде инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.											
17	Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер негіздері	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер, ғылыми зерттеу іс-әрекеттерінің әдіснамалық негіздері, зерттеу жоспарымен моделін құрастыру, математикалық өңдеулер және тәжірибелік жұмыстар жүргізу жолдары қарастырылады. Танымдық және ғылыми зерттеулер концепциялары, зерттеу құралдары, мәселелерді шешудің	5	+		+			+	+			+

		креативтілігін бағалау, диагностикалау, инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.													
	Педагогикалық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру	Педагогикалық білім берудегі ғылыми ізденістің технологиясы, ғылыми ізденіс әрекеттері, зерттеу әдістемесі және оларды ұйымдастыру, зерттеу бағдарламасының мазмұндық құрылымы, математикалық өңдеуді жоспарлаудың әдіс-тәсілдері қарастырылады. Танымдық және ғылыми зерттеулер концепциялары, зерттеу құралдары, мәселелерді шешудің креативтілігін бағалау, диагностикалау, инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.													
<b>Базалық пәндер циклы</b>															
<b>Таңдау компоненті</b>															
18	Сән психологиясы	Сән психологиясының киімге, аяқ киімге, аксессуарға тән қолданылуы, психологиялық заңдылықтары, болжам мен теорияның кең спектрі, елестету эволюциясы, кәсіптік саласы бойынша өмір бойы білім алу қажеттілігі қарастырылады. Сәннің элеуметтік-психологиялық қызметтерін, сәншілдер мен сәншіл еместер парадоксін, сәннің адам психологиясына әсерін шығармашылық жоба жұмысы ретінде практикада қолдану, бағалау, диагностикалау сипатталады.													
	Сән және стиль	Сән - киім – стиль түсінігі, силуэт, имидж, түстердің гармониялық үйлесімділігі, қиялдан туындайтын сән әлемі, кәсіптік саласы бойынша өмір бойы білім алу қажеттілігі қарастырылады. Сәннің қайта оралу циклін, үлгі эскизін әртүрлі техникалық тәсілде шығармашылық жоба жұмысы ретінде практикада қолдану, бағалау, диагностикалау сипатталады.	10	+	+			+	+					+	
	Жалпы электротехника және электроника негіздері	Жалпы электротехникадағы электр тізбектері, электрлік өлшеулер ережелері, синусоидалық және тұрақты ток табиғаты, электр машиналарының автоматтандырылған басқару аппараттары, электрондық күшейткіштердің, генераторлардың, түзеткіштер мен стабилизаторлардың, сандық құрылғылары мен өлшеу аспаптарының құрылыстары қарастырылады. Электр құралдарын және электрониканы практикада қолдану, бағалау, диагностикалау, кәсіптік саласы бойынша өмір бойы білім алу қажеттілігі сипатталады.													
	Электротехника және электрониканың	Электротехника және электрониканың тізбектері мен электронды схемаларының түсіндірмелері, электр тізбектері мен электронды схемаларды теңестіру принциптері, құрастыру және тізбектеу режимдері													

	теориялық негіздері	қарастырылады. Электронды схемаларды және электрлік тізбектерді қайта құруды және контурлы талдауды практикада қолдану, бағалау, диагностикалау, кәсіптік саласы бойынша өмір бойы білім алу қажеттілігі сипатталады.													
<b>Бейімдеуші пәндер циклі</b>															
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>															
19	<b>Траектория 1</b> <b>Техникалық және кәсіптік білім беру (сала бойынша)</b>	Тігін өндірісіндегі электроника және автоматика (қыздар)	Тігін өндірісінде қолданылатын электрондық қондырғылары, автоматтандырылған құрылғылармен жұмыс жасау принциптері қарастырылады. Бұйымдарды көркемдеп-сәндеуді көзбен қабылдау мәселесін шешуге ЦБР-ды пайдалану, АКТ негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.	10	+	+						+	+	+	
		Автоматты жобалау жүйесінің (АЖЖ) элементтерімен тігін бұйымдарын конструкциялау (қыздар)	Автоматты жобалау жүйесінің элементтері негізінде бұйымды конструкциялау, үлгілерді Auto cad, Komtense бағдарламалар аясында құрастыру қарастырылады. Бұйымның базалық конструкциясын құрастыруды көзбен қабылдау мәселесін шешуге ЦБР-ды пайдалану, АКТ негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.	5	+	+						+	+	+	
		Киімді жобалаудың импрессивті тәсілі (қыздар)	Заманауи көркемдік және инженерлік жобалау көлеміндегі киімді жобалаудың импрессивті тәсілі, жобалаудың әсерлі тәсілдерінің концепциясы, модельдің сыртқы түрін анықтайтын көркем-конструктивті белгілер, стильдік шешімдер қарастырылады. АКТ негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.	5		+	+						+	+	+
		Автомобильдердің электрлі және электроникалық жабдықтары (ұлдар)	Автомобильдердің электрлі және электроникалық жабдықтар жүйесі, аккумулятор батареялары, генераторлар, стартерлер, оталу жүйесі, жарықтандыру мен дабыл жабдықтары, реле ретгіштің жұмыс істеу принциптері, ақаулардың пайда болуы және жойылуы қарастырылады. АКТ негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық	10			+	+					+	+	+

		білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.												
	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру (ұлдар)	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жүйесінің сипаттамалары, қызмет көрсетудің іске қосу, техникалық, апта сайынғы, бірінші ТО1, екінші ТО2 және үшінші ТО3, маусымдық түрлері қарастырылады. Капиталды және ағымдағы жөндеу жұмыстарын практикада қолдану, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.	5		+	+					+	+	+	
	Ауылшаруашылық техникасы және технологиясы (ұлдар)	Ауыл шаруашылығында қолданылатын техникалардың қолданылу мақсаттарына байланысты топқа бөлінуі (мақта, қызылша, картоп, көкөніс, мал шаруашылығы), дәнді дақылдарды себуге, өсіруге және жинауға арналған түрлері қарастырылады. Ауылшаруашылық техникасының түрлерін практикада қолдану, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.	5		+	+					+	+	+	